

Диссертациялық кеңестің 2025 жылғы жұмысы туралы ЕСЕП

8D07201 - Геология және пайдалы қазба кен орнын барлау білім беру бағдарламасы бойынша 8D072 - Өндірістік және өңдеу салалары бағыты бойынша «Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ жанындағы диссертациялық кеңес

Есепте келесі мәліметтер бар:

1. Өткізілген отырыстардың саны туралы деректер.

Есепті 2025 жылы диссертациялық кеңестің 5 (бес) отырысы өткізілді, оның ішінде философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациялық жұмыстарды қорғау бойынша 2 (екі).

Отырыстың өткізілген күні	Отырысқа барлығы қатысқандар (онлайн режимде қатысқандарды қоса алғанда)
(Хаттама № 1) 30 мамыр 2025 жыл	4
(Хаттама № 2) 30 маусым 2025 жыл	7
(Хаттама № 3) 28 шілде 2025 жыл	4
(Хаттама № 4) 28 тамыз 2025 жыл	7
(Хаттама № 5) 24 желтоқсан 2025 жыл	4

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық Кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса). жоқ.

3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы көрсетілген докторанттардың тізімі.

- 1) Айтбаева Салтанат Сабидоллаевна (2025 жылдың 30 маусымда қорғады).
- 2) Зикирова Карина Талгатовна (2025 жылдың 28 тамызда қорғады).

4. Есепті жыл ішінде кеңес қараған диссертацияларды қысқаша талдау, келесі бөлімдерді бөліп көрсету:

С.С. Айтбаеваның «Қалба-Нарым белдеуі (Шығыс Қазақстан) гранитоидтарының қалыптасу заңдылығы, заттық құрамының ерекшеліктері және кенділігінің критерийлері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 7 бөлімнен тұрады.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің гранттық қаржыландыру жобалары аясында орындалды:

– AP08052371 «Сирек металдардың минералдық-шикізат базасын нығайту мақсатында дәстүрлі емес қалайы–тантал–литийлі кенденудің қалыптасу заңдылықтары, болжау критерийлері және даму перспективаларын бағалау (Шығыс Қазақстан)» жобасы, 2020–2022 жж.;

– BR10264558 «Пайдалы қазбалар кен орындарын анықтауға перспективалы Қазақстан құрылымдарының инвестициялық тартымдылығын ғылыми бағалау» 2021–2023 жж.;

– BR24992854 «Шығыс Қазақстан облысының тау-кен металлургия саласының орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін бәсекеге қабілетті ғылыми негізделген технологияларды әзірлеу және енгізу» жобасы, 2024–2026 жж.

1) қарастырылған жұмыстардың тақырыптамасын талдау.

Таңдалған зерттеу бағытының өзектілігі әлемдік минералдық-шикізат базасының дамуындағы қазіргі үрдістермен расталады, сонғы онжылдықта минералдық шикізатты тұтыну нарығын бағалау тәсілдерінің елеулі өзгеруімен сипатталады. Жоғары технологиялық өндірістердің қарқынды дамуы жаңа материалдар мен металдарға деген сұраныстың артуына әкелуде, осыған байланысты әлемдік саудада экономикалық маңыздылығымен қатар, оларды жеткізудің қауіпсіздігі мен тұрақтылығына байланысты тәуекелдері жоғары деп жіктелетін критикалық металдар ерекше мәнге ие болуда. Басым критикалық металдардың қатарында жетекші орынды сирек металдар алады.

Диссертациялық зерттеу тақырыбы геология және пайдалы қазбалар кен орындарын болжау саласындағы өзекті ғылыми және практикалық міндеттерге сәйкес келеді, себебі жұмыста тантал, ниобий, қалайы және литийдің (Ta, Nb, Sn, Li) жоғары мөлшерімен ерекшеленетін Калба–Нарым белдеуінің сирекметалды пегматиттерінің қалыптасу заңдылықтары мен болжау критерийлері қарастырылған.

2) диссертация тақырыптарының Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамыту бағыттарымен Қазақстан Республикасының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңының 20-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы минералдық-шикізат базасын зерттеу, геологиялық құрылымдардың рудалану перспективаларын болжау және бағалау саласындағы өзекті міндеттерді шешуге бағытталған. Зерттеу жер қойнауын ұтымды пайдалану, минералдық-шикізат ресурстарын ұдайы өндіру және геологиялық-барлау жұмыстарын дамытуға байланысты басым бағыттарға сәйкес келеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму және елдің шикізаттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік бағдарламаларының негізгі қағидаларымен үйлеседі.

3) диссертациялық жұмыстардың нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы бар. Жүргізілген зерттеулер Калба–Нарым белдеуі аумағында сирекметалды кен орындарының қалыптасуына қолайлы критерийлер мен алғышарттарды анықтау арқылы сирекметалды кен орындарын болжау және іздеу мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің «Геология және пайдалы қазба кен орнын барлау» бакалаврларды даярлау білім беру бағдарламасының «Пайдалы қазбалар кен орындарының геологиясы» пәні бойынша оқу үдерісіне енгізілді. Сонымен қатар, «ГРК «Топаз»» ЖШС-де геологиялық-барлау жұмыстарының жоспарларында пайдалану үшін өндірістік қызметке енгізілгені туралы акт алынды.

К.Т. Зикированың «Шығыс Қазақстанның кенді аудандарының түсті және асыл металдардың минералды-шикізат базасын толықтыруға келешегі бар инвестициялық тартымдылығын бағалау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 6 бөлімнен тұрады.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің гранттық қаржыландыру жобалары аясында орындалды:

– BR10264558 «Пайдалы қазбалар кен орындарын анықтауға перспективалы Қазақстан құрылымдарының инвестициялық тартымдылығын ғылыми бағалау» 2021–2023 жж.;

– BR24992854 «Шығыс Қазақстан облысының тау-кен металлургия саласының орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін бәсекеге қабілетті ғылыми негізделген технологияларды әзірлеу және енгізу» жобасы, 2024–2026 жж.

1) қарастырылған жұмыстардың тақырыптамасын талдау.

Таңдалған зерттеу бағытының өзектілігі Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану және минералдық-шикізат базасын ұдайы өндіру саласындағы мемлекеттік саясаттың басымдықтарымен расталады. Бұл саясат рудалық ресурстарды ұтымды игеруге, тау-кен өнеркәсібі аумақтарының инвестициялық тартымдылығын арттыруға және Шығыс Қазақстанның кенді аудандарын геолого-экономикалық бағалаудың заманауи әдістерін енгізуге бағытталған. Диссертациялық зерттеу тақырыбы геологиялық-барлау жұмыстарын дамытудың қазіргі бағыттарына, кенді аудандардың ресурстық әлеуеті мен инвестициялық тартымдылығын кешенді бағалау міндеттеріне, сондай-ақ Шығыс Қазақстанның минералдық-шикізат базасын толықтырудың басым бағыттарын ғылыми негіздеу тәсілдеріне сәйкес келеді.

2) диссертация тақырыптарының Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамыту бағыттарымен Қазақстан Республикасының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңының 20-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы минералдық-шикізат ресурстарын ұтымды пайдалану және жер қойнауын пайдалану объектілерінің инвестициялық тартымдылығын бағалау саласындағы өзекті ғылыми-практикалық міндеттерді шешуге бағытталған. Жүргізілген зерттеулер ғылымды дамытудың басым бағыттарына, сондай-ақ елдің минералдық-шикізат кешенін орнықты дамытуға бағдарланған мемлекеттік бағдарламалардың қағидаларына сәйкес келеді.

Жұмыс «Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, геология және жер қойнауын пайдалану» бағытымен сабақтасып, минералдық-шикізат базасын ұдайы өндіру тиімділігін арттыруға, инвестициялық тартымдылықты бағалаудың ғылыми негізделген әдістерін енгізуге, сондай-ақ жер қойнауын игеру барысында инвестициялық және әлеуметтік-экологиялық тәуекелдерді төмендетуге бағытталған. Алынған нәтижелер Қазақстан Республикасының экономикасын әртараптандырудың стратегиялық мақсаттарына, геологиялық-барлау секторындағы инвестициялық белсенділікті ынталандыруға және өңірлердің, оның ішінде Шығыс Қазақстан облысының орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуына сәйкес келеді.

3) диссертациялық жұмыстардың нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы бар. Жүргізілген зерттеулер геологиялық зерттеудің әртүрлі сатыларында жер қойнауын пайдалану объектілерінің инвестициялық тартымдылығын кешенді сапалық және сандық бағалаудың әзірленген әдістемесін қолдану мүмкіндіктерін ашады. Алынған нәтижелер геологиялық объектілердің зерттелу деңгейін, инвестициялық тәуекелдер деңгейін, сондай-ақ геологиялық, экономикалық және әлеуметтік-экологиялық факторларды ескере отырып, кенді учаскелерді шаруашылық айналымға тартудың орындылығын объективті бағалауға мүмкіндік береді. Әзірленген тәсіл геологиялық-барлау жұмыстарының бағдарламаларын қалыптастыруда, инвестициялық ұсыныстарды дайындауда, сондай-ақ атқарушы органдар мен жер қойнауын пайдаланушылардың басқарушылық шешімдер қабылдауында қолданылуы мүмкін.

Ғылыми зерттеу нәтижелері «KAZ EXPLOR SERVICE» ЖШС-нің өндірістік қызметіне енгізілді, сондай-ақ Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің «Геология және пайдалы қазба кен орнын барлау» бакалаврларды даярлау білім беру бағдарламасы аясында «Пайдалы қазбалар кен орындарының геологиясы» пәні бойынша оқу үдерісіне енгізілді.

5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (саиасыз шолулардың мысалдарымен).

Диссертациялық кеңестің қызметі туралы Үлгілік ереженің талаптарын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында әрбір рецензентке диссертациялық жұмысқа берілетін пікірдің мазмұны мен рәсімделуіне қойылатын талаптар көрсетілген жадынама жолданды.

Ресми рецензенттерді тағайындау кезінде диссертациялық кеңес рецензенттердің, ғылыми кеңесшілердің және докторанттардың бір-бірінен тәуелсіздігі қағидатын басшылыққа алды.

Барлық рецензенттер диссертациялық жұмыс бойынша өз пікірлерін Үлгілік ережеде бекітілген талаптарға сәйкес және белгіленген мерзімдерде ұсынды. Теріс пікірлер түскен жоқ.

Рецензенттердің барлығы диссертациялық жұмыстарды бағалау барысында жоғары кәсіби деңгейін көрсетті. Рецензиялау сапасы жоғары деп бағаланады: жұмыстың өзектілігі, ғылыми жаңалығы, практикалық маңыздылығы және басқа да оң қырлары атап өтіліп, тиісті ұсынымдар берілді.

Рецензенттердің жұмысына қатысты ескертулер жоқ.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар.

Диссертациялық кеңестер туралы Үлгілік ереже және ғылыми дәрежелер беру қағидалары өзекті болып табылады және кеңестердің қызметін толық көлемде қамтиды деп есептейміз.

Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру жөніндегі ұсыныс ретінде ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған «Геология» бағыты бойынша ғылыми басылымдар тізбесін кеңейту ұсынылады.

7. Кадрларды даярлау бағыттары бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алуға арналған диссертациялар саны:

1) қорғауға қабылданған диссертациялар - 2 (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттары - 0);

2) қараудан алынған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттары) - жоқ;

3) ресми рецензенттердің (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) теріс пікірлері алынған диссертациялар - жоқ;

4) қорғау қорытындылары бойынша теріс шешімі бар диссертация (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттары) - жоқ;

5) жетілдіруге бағытталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттары) - жоқ;

6) қайта қорғауға бағытталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттары) - жоқ.

**Диссертациялық кеңестің
Төрағасы**

**Диссертациялық кеңестің
Ғылыми хатшысы**



Мизерная М.А.

Матайбаева И.Е.

12 қаңтар 2026 ж.

ОТЧЕТ
о работе диссертационного совета за 2025 г.

Диссертационный совет при НАО «Восточно-Казахстанский технический университет имени Д. Серикбаева» по направлению подготовки кадров 8D072 - Производственные и обрабатывающие отрасли, ОП 8D07201 - Геология и разведка месторождений полезных ископаемых

Отчет содержит следующие сведения:

1. Данные о количестве проведенных заседаний.

За отчетный период 2025 год проведено 5 (пять) заседания диссертационного совета, из них 2 (два) по защите диссертаций на соискание степени доктора философии PhD.

Дата проведения заседания	Всего присутствовало на заседании (включая в онлайн режиме)
30 мая 2025 года (Протокол № 1)	4
30 июня 2025 года (Протокол № 2)	7
28 июля 2025 года (Протокол № 3)	4
28 августа 2025 года (Протокол № 4)	7
24 декабря 2025 года (Протокол № 5)	4

2. Фамилии, имя, отчество (при его наличии) членов диссертационного совета, посетивших менее половины заседаний. не имеется.

3. Список докторантов с указанием ОВПО.

- 1) Айтбаева Салтанат Сабидоллаевна (защита состоялась 30 июня 2025 года).
- 2) Зикирова Карина Талгатовна (защита состоялась 28 августа 2025 года).

4. Краткий анализ диссертаций, рассмотренных советом в течение отчетного года, с выделением следующих разделов:

Диссертационная работа Айтбаевой С.С. на тему «Закономерности формирования, особенности вещественного состава и критерии рудоносности гранитоидов Калба-Нарымского пояса (Восточный Казахстан)» состоит из 7 разделов.

Диссертация выполнялась в рамках проектов грантового финансирования МОН РК:

- AP08052371 «Закономерности формирования, критерии прогнозирования и оценка перспектив нетрадиционных типов оловотантал-литиевого оруденения с целью укрепления минерально-сырьевой базы редких металлов (Восточный Казахстан)» на 2020-2022 гг.;
- BR10264558 «Научная оценка инвестиционной привлекательности структур Казахстана перспективных на выявление месторождений полезных ископаемых» на 2021–2023 гг.;
- BR24992854 «Разработка и реализация конкурентоспособных научно-обоснованных технологий для обеспечения устойчивого развития горнометаллургической отрасли Восточно-Казахстанской области» на 2024–2026 гг.

1) анализ тематики рассмотренных работ.

Актуальность выбранного направления исследований подтверждается современными тенденциями развития мировой сырьевой базы, в рамках которых в последнее десятилетие существенно изменились подходы к оценке рынка потребления минерального сырья. Рост высокотехнологичных производств обуславливает

возрастающий спрос на новые материалы и металлы, в связи с чем особое значение в мировой торговле приобретают так называемые критические металлы, характеризующиеся не только высокой экономической значимостью, но и повышенными рисками, связанными с безопасностью и стабильностью их поставок. В числе приоритетных критических металлов ведущее место занимают редкие металлы. Тема диссертационного исследования соответствует актуальным научным и практическим задачам геологии и прогнозирования месторождений полезных ископаемых, поскольку в работе рассматриваются закономерности формирования и критерии прогнозирования редкометалльных пегматитов Калба-Нарымского пояса, отличающихся повышенным содержанием тантала, ниобия, олова и лития (Ta, Nb, Sn, Li).

2) связь тематики диссертаций с направлениями развития науки, которые определены Высшей научно-технической комиссией при Правительстве Республики Казахстан в соответствии с подпунктом 2) пункта 3 статьи 20 Закона Республики Казахстан "О науке и технологической политике" и (или) государственными программами.

Тема диссертационной работы направлена на решение актуальных задач изучения минерально-сырьевой базы, прогнозирования и оценки перспектив рудоносности геологических структур. Исследование соответствует приоритетным направлениям, связанным с рациональным использованием недр, воспроизводством минерально-сырьевых ресурсов и развитием геологоразведочных работ, а также согласуется с положениями государственных программ Республики Казахстан в области индустриально-инновационного развития и обеспечения сырьевой безопасности страны.

3) анализ уровня внедрения результатов диссертаций в практическую деятельность.

Диссертационная работа имеет практическое значение. Выполненные исследования раскрывают новые возможности для прогнозирования и поиска редкометалльных месторождений, заключающиеся в выявлении благоприятных критериев и предпосылок для формирования редкометалльных месторождений в пределах территории Калба-Нарымского пояса.

Результаты диссертационной работы внедрены в учебный процесс Восточно-Казахстанского технического университета имени Д. Серикбаева в образовательную программу для подготовки бакалавров «Геология и разведка месторождений полезных ископаемых» для дисциплины «Геология месторождений полезных ископаемых». В ТОО «ГРК «Топаз» получен акт внедрения в производства для использования в планах геологоразведочных работ.

Диссертационная работа Зикировой К.Т. на тему «Оценка инвестиционной привлекательности рудных районов Восточного Казахстана, перспективных на восполнение минерально-сырьевой базы цветных и благородных металлов» состоит из 6 разделов.

Диссертация выполнялась в рамках проектов грантового финансирования МОН РК:

- BR10264558 «Научная оценка инвестиционной привлекательности структур Казахстана перспективных на выявление месторождений полезных ископаемых» на 2021–2023 гг.;

- BR24992854 «Разработка и реализация конкурентоспособных научно-обоснованных технологий для обеспечения устойчивого развития горнометаллургической отрасли Восточно-Казахстанской области» на 2024–2026 гг.

1) анализ тематики рассмотренных работ.

Актуальность выбранного направления исследований подтверждается приоритетами государственной политики Республики Казахстан в области недропользования и воспроизводства минерально-сырьевой базы, ориентированной на рациональное освоение рудных ресурсов, повышение инвестиционной привлекательности горнопромышленных территорий и внедрение современных методов геолого-экономической оценки рудных районов Восточного Казахстана. Тема диссертационного исследования соответствует современным направлениям развития геологоразведочных работ, задачам комплексной оценки ресурсного потенциала и инвестиционной привлекательности рудных районов, а также научным подходам к обоснованию приоритетных направлений восполнения минерально-сырьевой базы Восточного Казахстана.

2) связь тематики диссертаций с направлениями развития науки, которые определены Высшей научно-технической комиссией при Правительстве Республики Казахстан в соответствии с подпунктом 2) пункта 3 статьи 20 Закона Республики Казахстан "О науке и технологической политике" и (или) государственными программами.

Тема диссертационной работы направлена на решение актуальных научно-практических задач в области рационального использования минерально-сырьевых ресурсов и оценки инвестиционной привлекательности объектов недропользования. Исследования соответствуют приоритетным направлениям развития науки, а также положениям государственных программ, ориентированных на устойчивое развитие минерально-сырьевого комплекса страны. Работа соотносится с направлением «Рациональное использование природных ресурсов, геология и недропользование» и направлена на повышение эффективности воспроизводства минерально-сырьевой базы, внедрение научно обоснованных методов оценки инвестиционной привлекательности, а также снижение инвестиционных и социально-экологических рисков при освоении недр. Полученные результаты соответствуют стратегическим целям диверсификации экономики Республики Казахстан, стимулирования инвестиционной активности в геологоразведочном секторе и устойчивого социально-экономического развития регионов, в том числе Восточно-Казахстанской области.

3) анализ уровня внедрения результатов диссертаций в практическую деятельность.

Диссертационная работа имеет практическое значение. Выполненные исследования раскрывают возможности применения разработанной методики комплексной качественной и количественной оценки инвестиционной привлекательности объектов недропользования на различных стадиях геологического изучения. Полученные результаты позволяют объективно оценивать степень изученности геологических объектов, уровень инвестиционных рисков и целесообразность вовлечения рудных участков в хозяйственный оборот с учётом геологических, экономических и социально-экологических факторов. Разработанный подход может быть использован при формировании программ геологоразведочных работ, подготовке инвестиционных предложений, а также при принятии управленческих решений исполнительными органами и недропользователями.

Результаты научных исследований внедрены в производство ТОО «KAZ EXPLORATION SERVICE», а также в учебный процесс Восточно-Казахстанского технического университета имени Д. Серикбаева в образовательную программу для подготовки бакалавров «Геология и разведка месторождений полезных ископаемых» для дисциплины «Геология месторождений полезных ископаемых».

5. Анализ работы официальных рецензентов (с примерами наиболее некачественных отзывов).

С целью обеспечения соблюдения требований Типового положения о работе диссертационного совета, каждому рецензенту была направлена памятка с требованиями по содержанию и оформлению отзыва на диссертационную работу.

При назначении официальных рецензентов диссертационный совет руководствовался принципом независимости друг от друга рецензентов, научных консультантов и докторантов.

Все рецензенты представили свои отзывы на диссертационную работу согласно утверждённым требованиям Типового положения и в установленные сроки. Отрицательных отзывов не поступало.

Все рецензенты при оценке диссертационных работ показали свой высокий профессионализм. Качество рецензирования высокое: были отмечены актуальность работы, научная новизна, практическая значимость и другие положительные стороны, а также были указаны рекомендации.

Замечаний к работе рецензентов не имеется.

6. Предложения по дальнейшему совершенствованию системы подготовки научных кадров.

Типовое положение о диссертационных советах и правила присуждения ученых степеней считаем актуальными и полно отражающими всю деятельность советов.

В качестве предложения по совершенствованию системы подготовки научных кадров предлагается расширить перечень научных изданий, рекомендованных Комитетом по обеспечению качества в сфере науки и высшего образования, по направлению «Геология».

7. Количество диссертаций на соискание степеней доктора философии (PhD), доктора по профилю в разрезе направлений подготовки кадров:

- 1) диссертации, принятые к защите - 2 (в том числе докторантов из других ОВПО - 0);
- 2) диссертации, снятые с рассмотрения (в том числе докторантов из других ОВПО) - нет;
- 3) диссертации, по которым получены отрицательные отзывы официальных рецензентов (в том числе докторантов из других ОВПО) - нет;
- 4) диссертации с отрицательным решением по итогам защиты (в том числе докторантов из других ОВПО) - нет;
- 5) диссертации, направленные на доработку (в том числе докторантов из других ОВПО) - нет;
- 6) диссертации, направленные на повторную защиту (в том числе докторантов из других ОВПО) - нет.

**Председатель
диссертационного совета**

**Ученый секретарь
диссертационного совета**

12 января 2026 года.



Мизерная М.А.

Матайбаева И.Е.